

ЖШС “Нұр-Тілек” балабақшасы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шара» Наурыз келді жаңаша, салт-дәстүрі жараса! (топтық аналар сайысы)

Өткізген: Қ.Т. Исаева

2023 жыл

Мәселімі
Аналар

Тақырыбы: Наурыз келді жаңаша, салт-дәстүрі жараса!

Түрі: Топтық аналар сайысы

Мақсаты: Балаларды ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, халықтың салт-дәстүрін құрметтеуге, қазақ халқының әдет-ғұрпын өсіп келе жатқан ұрпақ санасына сіңіру, ұлттық өнерге баулу.

Жүргізуші: Армысыздар, халайық.

Бармысыздар халайық.

Наурыз тойын жұп жазбай,

Жылда қарсы алайық!

Наурыз – жыл басы болып саналады. Ата-бабаларымыздың салтымен ұлттық мерекені той-думанмен, ойын-күлкі, қуанышпен өткізеді. Кез-келген игі істе, жақсылыққа аналар мен әжелер құрт,кәмпит, күміс тиіннан шашу шашады. «Той тойға ұлассын» деген ниетпен, бүгінгі мерекеде аналардың өнерін тамашалайық. Сіздерді Наурыз – жыл басы мерекесімен құттықтаймын!

Жүргізуші: Жаңғырар дәстүр салтымыз,

Көзделсін бұлақ жалғасы.

Қастерлі менің халқымның,

Мереке Наурыз – жыл басы.

Хор: Наурыз тойы

Бүгін біздің ортамызда аяулы аналарымыз біздерге қазақ халқының салт-дәстүрін ала келіпті. Олай болса, топтық аналар сайысын бастайық. Біз аналарымызды 3 ауылға бөөлген болатынбыз. **1-ауыл** Әйтеке би ауылы, **2- ауыл** Төле би ауылы **3-ауыл** Қазыбек би ауылы. Сайысымызды бастамас бұрын сайыстың әділ өтуін қадағалау үшін әділқазылар алқасын сайлап алайық.

Әйтеке би ауылы: Берденова Жансая, Рима, Төремұратова Бағдат.

Төле би ауылы: Гүлден, Исламғалиева Бағдат, Айнұр

Қазбек би ауылы: Гүлмира, Мейрамгүл, Көзайым мамасы

Олар:

1. Балабақша меңгерушісі: Бекмурзина Г.Ж

2. Балабақша психологы: Дүзбаева Т.С

3. Ата-ана: Баділдаева Гүлжан

Сайыс бөлімдерімен таныс болыңыздар.

1. «Тегін білу тектілік»- таныстыру сайысы

2. Өнерлінің өрісі кең өз өнерін көрсету

3. Қолөнер «Ою оя білесіз бе?»

4. Салт-дәстүрден көрініс

5. «Қазақы дастархан» дәм-думан сайысы

Жүргізуші: Ендеше аналарымызды реттік номерін білу үшін жеребе тастаймыз.

1. Төле би ауылы

2.Қазбек би ауылы

3.Әйтеке би ауылы

Жүргізуші: Наурыз тойы бітпейді,

Келер жылы тағы да күт дейді.

Алтынмен аптап көңілді,

Күміспенен күптейді – таныстыру бөлімі

Жүргізуші: Ендеше ауыл аналары кезең бойынша таныстырып өтсеңіздер.
Жүргізуші: Әділ қазылардан таныстыру бөлімінің бағасын білсек

Аналарымыз сайысқа дайын болғанша Би: Қамшымен би балалардың қамшымен биін тамашалаңыздар!

Жүргізуші: келесі кезеңіміз өз өнерін көрсету. 1 нөмірлі ауылымызға кезек берсек.

Жүргізуші: Әділ қазылардан екінші бөлімінің бағасын білсек

Аналарымыз келесі кезеңге дайын болғанша Ән мен қазақтың қызымын

Жүргізуші: Ал, аналар тұрайық,
Ою-өрнек сызайық.
«Түйетабан», «Ботакөз»,
«Қой ізі» мен «Қос мүйіз»,
Ою өрнек әлемі, Сәнді өрнек ояйық- деп сегіз қырлы, бір сырлы аналарымыздың ою кию сайысын тамашалайық. Аналарымызды ортаға шақырамыз.

Жүргізуші: Әділ қазылардан үшінші бөлімінің бағасын білсек

ӘН Әжемнің шәйі

Жүргізуші: Сәулесі бар наурызда таңғы үміттің,
Басын қосқан сан адам, сан ғұрыптың.
Ұлыстың ұлы күні паш етейік,
Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін – салт-дәстүр сайысы

Жүргізуші: Ендеше кезең бойынша салт-дәстүрімізді жасап көрсетсек.

Жүргізуші: Әділ қазылардан төртінші бөлімінің бағасын білсек

Би Батырлар биі

Жүргізуші: Арпа, бидай бас тағам,
Жеті дәмнен аспаған.
Наурыз көже ежелден
Бұл тойдағы бас тағам. - дәм-думан сайысына кезек береміз.

Жүргізуші: Әділ қазылардан бесінші бөлімінің бағасын білсек

Жүргізуші: Әділ қазылар қорытынды жасап болғанша қыздарымыздың

Би Қамажай биін тамашалаңыздар

Жүргізуші: қорытынды дайын болса, сөз кезегін әділқазылар алқасына жолдаймыз.

Жүргізуші: Осымен «Наурыз келді жаңаша, салт-дәстүрі жараса» атты топтық аналар сайысы өз мәресіне жетті. Аман-есен жетейік, келер Наурыз тойына - дей келе бүгінгі ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

Әйтеке би ауылы: Берденова Жансая, Рима, Төремұратова Бағдат.

Төле би ауылы: Гүлден, Исламғалиева Бағдат, Айнұр

Қазбек би ауылы: Гүлмира, Мейрамгүл, Көзайым мамасы

